

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 120-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі –  
т і з б е ) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актіні қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 1

ж ы л ғ ы

1

қ ы р к ү й е к т е г і

№

1 2 0 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 20 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жасанды ғимараттар салу үшін беру қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЖРА, МГМ	2011 жылғы тамыз

2	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидасын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЖРА, АШМ	2011 жылғы тамыз
3	«Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қаңтардағы № 14 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЖРА	2011 жылғы тамыз
4	«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерін босалқы жерге ауыстыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы № 172 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ, ЖРА	2011 жылғы тамыз
5	«Жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде, мемлекет немесе мемлекеттік жер пайдаланушылар жалға берген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын, сондай-ақ жер учаскелерін жалдау құқығын сату төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі № 890 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЖРА	2011 жылғы тамыз
6	Көтермелеудің салалық жүйесін бекіту туралы	Бұйрық	ЖРА	2011 жылғы тамыз

**Ескертпе:**                      **аббревиатуралардың**                      **толық**                      **жазылуы:**  
ЖРА – Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі  
МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі  
АШМ – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі